

«Келісілді»
Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы
Е.Т.Боданов
2024 ж

С.Ла... 61 орта мектеп директор
...бдрахманова
24 ж

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ «СЕРӘЛІ ЛАПИН АТЫНДАҒЫ №261 ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

2024- 2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2024- 2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- **Бағдарлама паспорты**
- **Ағымдағы ахуалды талдау**
- **Миссиясы және пайымы**
- **Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**
- **Іс-шаралар жоспары**

Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы	№261 С.Лапин атындағы орта мектептің 2020-2025 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы 2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ 3. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы 4. Өңірлік бағдарламалар, білім беруді дамыту жөніндегі жол карталары және т. б.
Бағдарламаны әзірлеуші	Серәлі Лапин атындағы №261 орта мектебі
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	<p>Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мазмұнын жаңарта отырып, мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын сапалы меңгерту (Іс – шаралар) 2. Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау – халықаралық зерттеулерге қатысу (Іс – шаралар) 3. Педагог қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және кәсіби әлеуетін дамыту (Іс- шаралар) 4. Оқыту үдерісін заманауи білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету (Іс- шаралар) 5. Сандық білім беру ресурсын оқу – тәрбие үдерісінде пайдалану (Іс- шаралар) 6. Ұлттық құндылықтар негізінде көпмәдениетті тұлға тәрбиелеу (Іс- шаралар) 7. Мектепшілік Қамқоршылық кеңес жұмысын жандандыру (Іс- шаралар)
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2024 жылдың қыркүйегінен – 2029 жылғы маусым аралығы
Қаржыландыру көздері	<p>2023 жылға арналған бюджет</p> <p>082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру</p> <p>015 Жергілікті бюджет есебінен - 211987,0 мың теңге</p> <p>203 Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға</p> <p>015 Жергілікті бюджет есебінен - 1044666,0 мың теңге</p> <p>Барлығы: 1256653,0 мың теңге</p>

Ағымдағы ахуалды талдау

2021-2022 оқу жылында тарификация бойынша 219 педагогикалық қызметкер жұмыс жасаған. Оның ішінде, 209 – жоғары білімді, 10 – арнаулы орта білімді мамандар. Педагог-шебер - 2, педагог-зерттеушілер – 45, педагог-сарапшылар – 54, педагог-модераторлар – 62, педагог – 29, санаты жоқтар – 12, жоғарғы санат-1, I санат-6, II санат-8.

2021-2022 оқу жылында педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғарғы санат-1, I санат-6, II санат-8, санаттағы мұғалімдердің үлесі - **49%**.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі жоғары, I санат, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылардың педагогтердің жалпы санынан үлесі - 42%.

2022-2023 оқу жылында тарификация бойынша 222 педагогикалық қызметкер жұмыс жасаған. Оның ішінде, 211 – жоғары білімді, 11 – арнаулы орта білімді мамандар. Жоғарғы санат - 1, I санат - 7, II санат - 9, педагог-шебер - 2, педагог-зерттеушілер – 48, педагог-сарапшылар – 58, педагог-модераторлар – 60, педагог – 24, санаты жоқтар – 13. 2022-2023 оқу жылында Жоғарғы, I санат, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттағы мұғалімдердің үлесі - 52%.

Бастауыш білім беру деңгейінде жоғары, I санат, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылардың педагогтердің жалпы санынан үлесі - 55%.

2023-2024 оқу жылында тарификация бойынша жұмыс жасап жатқан мұғалімдер саны – 217. Оның ішінде, 212 – жоғары білімді, 5 – арнаулы орта білімді мамандар. Жоғарғы санат-1, педагог-шебер – 2, педагог-зерттеуші – 46, педагог-сарапшылар – 62, педагог-модератор – 65, педагог – 34, санаты жоқ педагогтер - 8.

2023-2024 оқу жылында педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттағы мұғалімдердің үлесі - **51%**.

Бастауыш білім беру деңгейінде педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылардың педагогтердің жалпы санынан үлесі - 57%.

Басшылардың біліктілік санаттан өтуі - 100 %.

Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жөнінде ақпарат ұсынылған. Педагогтардың жоғары және техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі, негізгі жұмыс орны мектеп болғандығы, сотталмағандығы, санаты, медициналық тексеруден өткені, оқытатын пәні туралы мәліметтер қамтылған.

Бастауыш сыныптар бойынша:

Оқу жылы	Жалпы педагогтер саны	Жоғары білімі бар педагогтер саны	Арнаулы орта білімі бар педагогтер саны	Магистр дәрежесі бар педагогтер саны
2021-2022 оқу жылы	53	48	5	1
2022-2023 оқу жылы	56	52	4	1
2023-2024 оқу жылы	54	52	2	1

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Оқу жылы	Жалпы педагогтер саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Санаты жоқ
2021-2022 оқу жылы	219	2	45	54	62	44	12
2022-2023 оқу жылы	222	2	48	58	60	41	13
2023-2024 оқу жылы	215	2	46	62	65	32	8

Бастауыш сыныптар бойынша:

Оқу жылы	Жалпы педагогтер саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Санаты жоқ
2021-2022 оқу жылы	53	0	8	14	21	8	2
2022-2023 оқу жылы	56	0	17	14	17	4	4
2023-2024 оқу жылы	54	0	17	14	16	5	2

Олимпиада, ғылыми жоба нәтижелері

Оқу жылы	Қалалық			Облыстық			Республикалық		
	1-орын	2-орын	3-орын	1-орын	2-орын	3-орын	1-орын	2-орын	3-орын
2021-2022 оқу жылы	1	4	6			2			
2022-2023 оқу жылы	3	12	16	1	1	3			1
2023-2024 оқу жылы	1	11	30		2				

Кадрлық ресурстар

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>жоғары білімді -210</p> <p>арнаулы орта білімді -5</p> <p>магистр -13</p> <p>- педагог модератор-65</p> <p>- зерттеуші –педагог -46</p> <p>- педагог сарапшы -62</p> <p>- шебер -2</p> <p>- деңгейлік курс бітіргендер- 17</p> <p>- білім мазмұнын жаңарту шеңберінде курстан өткендер – 99%</p>	<p>-Біліктілікті арттыруға уәждеменің болмауы,</p> <p>- пәндік білімнің төмендігі</p> <p>1.Ізденудің төмендігі</p> <p>2.Білім ресурсын қолданбауы</p> <p>3.АКТ жұмыстарының төмендігі</p> <p>4.Мектептегі жұмыстарға</p> <p>- (коучинг,семинарға) қатыспауы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1.Курстарға бару</p> <p>2.АКТ жұмыстарын жүргізу,қолдану шеберлігін арттыру.Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>4.Мектептерге жұмыстарға қатысу, тәжірбесімен бөлісу</p>	<p>1.Курстардың тиімсіздігі</p> <p>2.Білім платформасының <u>материалдарын меңгеру қиындығы, курделілігі,тиімсіздігі.</u></p> <p>3.Мектептегі іс-тәжірбелерін бөлісу жұмыстарының аздығы, осалдығы.</p>

Материалдық-техникалық ресурстар

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Жаңа ғимаратта 1 информатика кабинетінде жаңа 28 компьютер жұмыс істеп тұр</p> <p>Жергілікті желі іске қосылған. Интернет 3 - қабатта орнатылып компьютер қосылып тұр.</p> <p>95 ноутбук және 31 интерактивті тақта қосылған.</p> <p>Мектептің ішкі-сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай.</p> <p>Мектеп ғимаратының ішкі-сыртқы кабинеттері барлығы жаңа үлгіде жабдықталып, санитарлық талапқа сай орындалды.</p> <p>- Зертханалар саны – 3</p> <p>- Интерактивті тақталар саны – 31</p> <p>-Робототехника кабинеті – 1</p> <p>- Кітапхана заманауи үлгіде жабдықталған</p>	<p>- Кең жолақты интернетпен қамтылмауы</p> <p>- Зертханалық құрал жабдықтардың жетіспеушілігі</p> <p>1.Лаборанттардың білімінің жоқтығы</p> <p>2.Мұғалімдердің лаборант жұмыстарына көңіл бөлмеуі</p> <p>3.Ізденудің жоқтығы(информатика,химия,биология мұғалімдерді лаборант жұмыстарын жүргізуіне)</p> <p>-</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Сұраныс беру</p> <p>1.Зертханаларды тиісті құрал- жабдықтар мен қамтамасыз ету</p> <p>2.Лаборант қызметкерлерінің білімін арттыру</p> <p>3. Білікті мамандар мамандар алу</p>	<p>1. Жауапты адамдардың құлықсыздығы</p> <p>2.Қаражаттың бөлінбеуі</p> <p>3.Кадр тапшылығы(лаборант с обррозованием)</p>

Ақпараттық ресурстар

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Интернет арқылы сабаққа қатысты ресурстар алады</p> <p>Электронды почтаны пайдаланады</p> <p>Күнделік кз ,Білім ленд, онлайн мектеп, зуум, классром, т.б білім беру платформаларын біледі, пайдаланады</p> <p>Кітапхана қорын пайдаланады</p>	<p>- Мектепте пайдаланудың қолжетімсіздігі, интернетпен қамтылмауы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Мұғалімдер сымсыз желілер арқылы пайдалану мүмкіндігі бар</p>	<p>Желінің тұрақсыздығы</p> <p>Ашпай қалуы</p>

Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің ,2 шебердің болуы.</p> <p>- Ұстаздардың шығармашылықпен жұмыс жасауы,коучинг, семинарлар, вебинарларға қатысуы,</p> <p>- Тәлімгерліктің іске асуы</p> <p>- мұғалімдер озық іс шараларын әлеуметтік желілерге салып қолдау алуы</p> <p>- ісшаралары түрлі республикалық әдістемелік журналдарда, әдістемелік сайттарда жариялануы</p>	<p>1.Шығармашылық пен айналысатын мұғалімдердің азд-ғы</p> <p>2.Дарынды балалармен мақсатты (целенаправленный).жұмысты дұрыс жолға қойылмауы</p> <p>3.Шебер,зерттеуші категориялары аз</p> <p>4.Өз жетістіктерін дұрыс насихаттай алмауы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1.Мектептегі шығармашылық бірлестіктердің жұмысын жандандыру</p> <p>2.Деңгейлік курсты бітіргендерді унемі жұмыс жасауын жолға қою.Деңгейлік курста оқыту</p> <p>3.Пассивный мұғалімдерді қозғау,ынталандыру,мәжбүрлеу.</p> <p>4. Өзінің шығармашылық жетістіктерін насихаттау</p>	<p>1.Деңгейліктер мен тренерлердің оздерінің даму мүміндігінің, білімдерінің дамыту курстарының жоқтығы.</p> <p>2.Шығармашылық пен дарынды оқушылар мен жұмыс жүргізуді үйрететін курстың жоқтығы.</p> <p>3.Әлеуметтік жетілдіру оның ішінде қазақ тілді сайттардың мүмкіндіктердің төмендігі</p>

Білім беру мазмұнын іске асыру

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>- Мұғалімдердің сабақта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруі.</p> <p>- Мұғалімдер білім сапасына енгізіліп жатқан ақпараттар көзімен таныс болуы;</p> <p>- Аудандық семинарлар, мектепшілік көрмелер, байқаулардың уақытылы өткізілуі.</p> <p>- Ұстаздардың шығармашылықпен жұмыс жасауы;</p> <p>- Қоғамдық ұйымдар және ата-аналармен қарым-қатынаста болуы;</p> <p>- Мұғалімдердің мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау көруі.</p> <p>- Тәлімгерлердің жас мамандарға көмек беруі кәсіби дамуларына ықпал етуі</p>	<p>Ұстаздар тарапынан атқарылатын жұмыстарға критерий құру дағдысының қалыптаспауы;</p> <p>- Жекелеген ұстаздар қауымының өз іс- тәжірибесіне өзгеріс енгізуге ниет білдірмеуі,</p> <p>- Педагог мамандардың өзін-өзі бақылау және бағалау жүргізе алмауы;</p> <p>- Оқу-тәрбие үдерісінде болып жатқан өзгерістердің жекелеген мұғалімдер <u>тарапынан қолдау таппауы</u>, дәстүрлі әдіс-тәсілдерден арыла алмауы;</p> <p>- Интернеттің жеткілікті дәрежеде қамтылмауы;</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1.Түрлі тақырыптағы курстардың , вебинарлардың , семинарлардың онлайн, офлайн түрінде тұрақты өткізілуі</p> <p>2.Білім платформалары</p> <p>3. Оқу әдістемелік журналдарға, <u>басылымдарға жазылу</u></p> <p>4.Әлеуметтік желіні басқару, әріптестер мен пікір бөлісу</p> <p>5. Өз білімін көтеру</p>	<p>1.Курстардың бағдарламаларының жоқтығы,сұрақтарын шешуге материалдардың жоқтығы</p> <p>2.Материалдардың ақылы болуы</p> <p>3.Информацияның міндеттердің көптігі</p>

Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Білім сапасы – 64%,үлгерімі -100%</p> <p>- ҰБТ орташа балы -72</p> <p>-Алтын белгі – 2,</p> <p>Үздік аттестат – 1</p> <p>- Пән олимпиадасы :</p> <p>қалалық –6, облыстық -1</p> <p>-Спорт : қалалық- 23, облыстық- 5 республикалық -2</p> <p>Өнер: қалалық -36, облыстық – 11</p>	<p>-Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының төмендігі,</p> <p>-Оқушы білімінің шынайы бағаланбауы;</p> <p>- Мұғалімдердің кейбір оқушылардың ерекшеліктерін және Оқушы үнін ескермеуі.</p> <p>- Сабақ соңында жұмыс сапасын арттыруға көмектесетін кері байланыстың аздығы,</p> <p>- оқушылар ойын еркін айта алмауы,</p> <p>- мұғалімдердің оқушылардың барлығымен бірдей тең қарым - қатынас жасамау.</p> <p>- Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының әлсіз болуы,соның салдарының құқық бұзушылықтың орын алуы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>-Оқушыларды өз бетінше білім алуға ынталандыру арқылы білім сапасын арттыру,</p> <p>- Алған білімдерін өмірде бейімдеу мүмкіндігін жүзеге асыру мүмкіндігі;</p> <p>- Ұстаздар мен оқушыларды ғылыми-ізденіс жұмыстарға тарту және дарындылық қабілеттерін арттыру , нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу мүмкіндігі;</p> <p>- Ата-аналар тарапынан қолдау көрсету мүмкіндігі.</p>	<p>-Карантин жағдайына байланысты <u>білім сапасының төмендеуі</u></p>

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Ұжымда психологиялық ахуалдың дұрыстығы, ынтымақтастықтың орнауы;</p> <p>Қоғамдық ұйымдар және ата-аналармен қарым-қатынаста болуы;</p> <p>1. Ұлттық тәрбие</p> <p>2. Жалпыадамзаттық тәрбие</p> <p>3. Бірін –бірі қолдау,көмектесу</p> <p>4.Әріптесіне деген сенім</p>	<p>1.Жасы улкен мұғалімдер мен жас мұғалімдердің байланыстарының аздығы.</p> <p>2. Кәсіби тұлғалық қасиеттері аз мұғалімдердің болуы.</p> <p>3.Әр турлі ұлт өкілдерінің бір-біріне шынайы жақындықтының жоқтығы.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1.Жас мұғалімдерді, тәжірбелі ересек мұғалімдердің қамқорлыққа алуы.</p> <p>2.Әр мұғалім өз беделін унемі көтеруге жұмыс жүргізу.</p> <p>3. Ұлт аралық достықты насихаттау іс –шараларын көбейту.</p>	<p>- Ақпарат құралдары арқылы террористік, жат ағымдағы діндердің ашық жариалануының жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықпен тосын жағдайлардың орын алуына әсері.</p>

Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1.Білімді маман кадрлармен қамтылуы.</p> <p>2.Талапқа сай спорт зал, стадиондардың болуы</p> <p>3.Спорт үйірмелері жұмыс жасайды.</p> <p>4.250 оқушы үйірмелерге қатысады.</p> <p>5.Аудандық,облыстық ,республикалық жетістіктер бар</p>	<p>1.Кейбір мұғалімдердің үйірмелерінің жұмыс істемеуі.</p> <p>2.Спорт құралдарының (инвентарлардың) аздығы.(доп т.б)</p> <p>3.Әрбір спорт түрлерімен оқушылардың айналысуына мүмкіндіктің аздығы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1.Мұғалімдерді спорт үйірмелері мен жұмыс істету.</p> <p>2.Жарыстарды, спорт шараларын көбейту.</p> <p>3. Жетекшілерге материалдық көмек беру.</p> <p>4.Инвентарь алуға қаржы қарастыру,спонсорлар табу</p>	<p>1.Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерінің төмендігі.</p> <p>2.Іс шаралардың алдын ала жоспарланбауы</p> <p>3.Ковид</p> <p>4.Спонсордың жоқтығы.</p> <p>5.Өкіметтің ақшаны аз бөлуі</p>

Миссиясы және пайымы

Мектеп миссиясы: Адамгершілік құндылықтарға негізделген отандық және халықаралық озық тәжірибені енгізу арқылы көпмәдениетті, өз елінің шынайы патриоты болатын азаматты қалыптастыруға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру.

Мектеп пайымы: Жақын болашақта кез-келген салада білімі бар адам ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға, жаңа нәрселерді түсінуге мүмкіндік беретін адам басым болады. Өмір бойы оқуға деген ұмтылыс пен дамуға ықпал ететін тұтас педагогикалық процестің барлық субъектілері үшін жайлы білім беру ортасын құру.

Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілік кез-келген елдің табысты және тұрақты дамуының факторы болып табылады. Мектептің басты миссиясы бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу және дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Заманауи мектеп моделінің негізінде ерекше қасиеттерге ие ашық қауіпсіз білім беру ортасы жатыр. Мектеп балалар мен ересектерге достық қарым-қатынаста болуға, олардың тұлғалық қалыптасуы мен даму мүмкіндіктерін оңтайландыруға, олардың өмірлік және рухани күштерін арттыруға тиіс. Мектептің міндеті-табысты адамның имиджін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау. Денсаулыққа саналы қарау-Табысқа апарар жол! Қазіргі заманғы мектеп табысты, білікті және шығармашыл қызметкерді дайындауы керек. "Жеке басын қуәландыратын. Интеллект. Мәдениет " - бұл мектептің көзқарасы мен мектептің негізгі құндылықтарын көрсетеді. Мектеп балаларға қажеттілікті табуға көмектесуі керек Күн сайын жақсарып, толерантты және көпшіл болуға үйрету. Сондықтан оқушы мектеп өмірінің басты құндылығы болып табылады, ол мұғалімнің, мұғалімнің, директордың шабыт көзі болып табылады. Мектептің әлеуметтік-педагогикалық миссиясы оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандырудан тұрады; мектептің негізгі құндылықтары және қоршаған ортадағы кез-келген өзгерістерге бейімделген, әлеуметтік және кәсіби өмірдегі қабілеттері мен мүмкіндіктерін барабар бағалайтын, өмірлік жетістіктердің, оның ішінде кәсіби жетістіктердің шыңына ұмтылатын шығармашылық тұлғалардың білім беру процесінің барлық субъектілері негізінде оқыту және тәрбиелеу. оларды әлеуметтік және жеке іске асыру. Мектептің миссиясы-әлеуметтік табысты тұлғаны қалай қалыптастыруға болатындығын көрсету (оқушылар арасында да, мұғалімдер арасында да). Қазіргі мектептің мақсаты-жақсы білім мен әлеуметтік дағдылары бар тәуелсіз адамды тәрбиелеу.

Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2024-2025 оқуы жылы	2025-2026 оқуы жылы	2026-2027 оқуы жылы	2027-2028 оқуы жылы	2028-2029 оқуы жылы
1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру							
1.	«Педагог-шебер» санаттары бар педагогтердің үлесі	%	3%	4%	5%	6%	7%
2.	«Педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» санаттары бар педагогтердің үлесі	%	54%	58%	60%	67%	70%
3	Ғылыми дәрежесі бар магистрлердің үлесі	%	6%	10%	12%	15%	18%
4	Ғылыми-зерттеу жобаларын қатысатын мектеп білім алушыларының үлесі	%	68,5%	72 %	75%	78%	81%
5	Мұғалімдердің кәсіби байқауларға қатысу көрсеткіші	%	20%	25%	28%	32%	35%
6	3 жылда 1 рет қайта даярлаудан өткен мұғалімдер үлесі	%	85%	87%	91%	95%	100%
7	Ақпараттық технология бойынша барлық санаттағы қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру.	%	60%	67%	75%	81%	95%
8	Санаты жоқ педагогтардың үлесін азайту көрсеткіші	%	25%	21%	17%	12%	5%
2 міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту							
1.	Әр балаға шаққанда компьютерлердің үлесі	%	10%	15%	18%	25%	35%
2.	Модификациялық кабинеттердің үлесі	%	15%	17%	20%	22%	25%
3	Аудиовизуалды құралдарды алу,	%	20%	25%	28%	35%	50%

4	Оқуға көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету	%	35%	40%	47%	55%	65%
5	Спорттық құралдармен (волейбол, баскетбол, футбол, гандбол доптары, қалқымалы шеңбер, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, эстафеталық құралдардың т.б) қамтылу үлесі	%	30%	38%	45%	55%	70%
6	Кітапхананың жалпы қоры	%	10%	15%	20%	25%	30%
3 міндет. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру							
1.	Жас педагогтардың өзін-өзі тиімді жетілдірудің мүмкіндіктерінің үлесі	%	25%	35%	40%	50%	65%
2.	Жастар әлеуетінің деңгейін көтеру арқылы ғаламдық бәсекеге қабілеттілігінің артуын және білім беру саласында көшбасшылық позициясын қалыптастыру	%	25%	40%	55%	70%	85%
3	Өнер, білім, спорт, шығармашылық және кәсіби бағыттарындағы шараларға қатысу үлесі	%	30%	38%	45%	60%	75%
4 міндет. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту							
1.	Мектепті басқаруда мұғалімдіктен жоғары сатыларға қарай үздіксіз дамуда резв кадрлар жасақтау	%	10%	17%	22%	25%	30%
2	Қызметкерлерді тұлға ретінде құрметтеп, кәсіби мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ету	%	45%	52%	59%	65%	78%
3	«Мектеп мәдениетін» қалыптастыру мен оқытуда коллаборативтік орта құру	%	25%	37%	43%	50%	60%
4	Білім беру стандарттарын игертуде әдістемелік көмектер ұйымдастыру						
5	Мектепті басқаруда мұғалімдіктен жоғары сатыларға қарай үздіксіз дамуда резв кадрлар жасақтау	%	10%	17%	22%	25%	30%

5 міндет. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру							
1.	Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жүргізілетін шаралардың үлесі	%	30%	45%	55%	60%	75%
2.	Біртұтас тәрбие құндылықтарын оқу үдерісіне енгізу	%	25%	40%	55%	70%	95%
3.	Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шараларға оқушылардың қатысу үлесі	%	40%	55%	65%	78%	100%
4.	Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шараларға ата-аналардың қатысу үлесі	%	15%	22%	35%	47%	70%
5.	Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстардың ақпааттандырылуы	%	55%	72%	80%	89%	95%
6 міндет. Білім сапасын бағалау							
1.	Лицей сыныптарының үлесі	%	33%	35%	38%	40%	43%
2.	Білім сапасының көрсеткіші	%	55%	57%	60%	65%	68%
3.	«Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлерінің үлесі	%	1%	1,5%	1,8%	2%	2,5%
4.	Мектеп түлектерінің орналасуы	%	100%	100%	100%	100%	100%
7 міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу							
1.	Біліктілікті арттыру курстарынан өткізу	%	85%	88%	92%	97%	100%
2.	Педагогтердің құқықтық сауаттылығын көтеру бағытындағы жұмыстардың үлесі	%	15%	25%	40%	45%	50%
3.	Тәжірибе алмасу семинарлары мен шараларына қатыстыру үлесі	%	35%	40%	55%	60%	70%
4.	Мұғалімдердің нәтижелі жұмыстары үшін ынталандыру шараларын ұйымдастыру	%	35%	40%	48%	55%	65%

Мектептің даму бағдарламасының 2024-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

<i>Іс-шаралар</i>	<i>Іс-шаралар мақсаттары</i>	<i>мерзімі</i>	<i>қатысушылар</i>	<i>Жауаптылар</i>	<i>Күтілетін нәтиже</i>
1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру					
Біліктілігін арттыру курстарынан өткізу	Жаңа білім мен дағды алу	2024-29	Пән мұғалімдері	Асанова Ө	Білім мен дағдының жаңаруы, сабақ процесіне жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану
«Педагог-зерттеуші» мен «педагог-шебер» санаты бар педагогтардың үлесі	Педагогтың зерттеушілік қабілетінің жоғарылауы	2024-29	Пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі	Асанова Ө	Зерттеу жұмыстарының артуы
Мектеп оқушыларының зерттеу жұмыстарының фестивалі	Оқушылардың зерттеушілік қабілетінің артуы	Жылына 1 рет	Пән мұғалімдері	Асанова Ө	Оқушылардың зерттеушілік қабілеттері артады
Сабақты Зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу	Анықталған зерттеу сұрақтары арқылы	Жылына 1 рет	Пән мұғалімдері	Ынталы топ	Нақты мәселелер бойынша зерттеу сұрақтары арқылы сыныптар

процестерін ұйымдастыру және іске асыру (лессон стади)	сыныптарды зерттеу	қыркүйек				зерттеледі
Мектептегі жұмысының (баяндама)	зерттеу моделі	Қазіргі заман талабына орай әртүрлі білім беру жүйелеріндегі ортақ үрдістерді әзірлеу	қаңтар	Пән мұғалімдері	Шығармашыл топ	Қазіргі заман талабына орай әртүрлі білім беру жүйелеріндегі ортақ үрдістер әзірленеді.
Педагогтердің ғылыми-әдістемелік құзыреттілігін дамытуда мұғалімдердің командалық жұмысының ықпалы (коучинг)		Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру үшін интербелсенді білім беру кеңістігін құру	Жылына 1 рет	Пән мұғалімдері	Асанова Ө	Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру үшін интербелсенді білім беру кеңістігін құрады.
Сабақты зерттеу тобын құруға арналған әдістер (тәлімгерлік)		Бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі тұлғаларды анықтау арқылы табысты оқу ортасын құру.	Жылына бір рет қараша	Пән мұғалімдері	Асанова Ө	Бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі тұлғаларды анықтау арқылы табысты оқу ортасын құрады.
Магистрлер апталығы		Мектептегі магистрлар бірлесе жұмыс жасайды	Жылына бір рет желтоқсан айы	Магистр мұғалімдер	Асанова Ө	Бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі тұлғаларды анықтау арқылы табысты оқу ортасын құрады.
<u>Онлайн плафтормаларда (ютуб) канал ашу тәжірибелерді насихаттау</u>	Онлайн платформада жұмыс істеуді үйренеді		үнемі	Жаратылыста нұпәні мұғалімдері	Әдіс бірлестігі жетекшілері	Кәсіби өседі
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту						
STEM кабинетімен жабдықтау	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024 ж	Пән мұғалімдері	Асанбаев М		табысты оқу ортасын құрады
Мектеп ғимаратының барлық аумағында WI-FI құрылғылар арқылы жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтамасыз ету қолжетімділігі	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024-25 ж	Пән мұғалімдері	Асанбаев М		табысты оқу ортасын құрады
Бірінші қабаттағы дәліз едендерін жаңадан ауыстыру	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024-2025	Пән мұғалімдері	Асанбаев М		Таза орта қалыптасады

Оқушыларды фильтрленген сумен қамтамасыз ету	Оқушылардың денсаулығын сақтау	2024 жыл	Пән мұғалімдері	Асанбаев М	Денсаулығы жақсарады
<u>Цифрлық платформаларды сабақ үдерісіне қолдану</u> тәжірибелік алаң	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау, цифрлық сауаттылығын дамыту	2024 -25	Пән мұғалімдері	Енсепова Б	Цифрлық сауаттылығы артады
«Медиа клуб», ІТ сыныптарын ашу	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024 -25	Пән мұғалімдері	Енсепова Б	Оқушылардың цифрлық сауаттылығына жағдай жасалады
Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған кең көлемді коворкинг орталығын ашу	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024-25	кітапханашы	Мектеп директоры	Оқушылардың бос уақытын пайдалы өткізуге жағдай жасалады
Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қолайлы орындық- парталармен жабдықтау	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау	2024-28	Мектеп ұжымы	Мектеп директоры Абдрахманова К	Оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасалады
3. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру					
Оқушы үні жобасы	Мектепте ашық және қауіпсіз диалог құрудың проблемалары мен мүмкіндіктерін анықтау	Жылына 1 рет	Пән мұғалімдері	Абдиева А	Оқушылар жоспарлау мен белгілі бір нәтижеге жету үдерісіне белсенді қатысады.
Оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы» жобасы	Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту	Тоқсанын а 1 рет	Пән мұғалімдері	Оспан А	Ойынға қатысушылар үгіт-насихат пен популистік идеяларды оңай ажыратып, өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізе алады.
Оқушы, ата-аналармен сауалнама жүргізу, қорытындылау.	Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін, қаншалықты тиімді, тиімсіздігін анықтау.		Пән мұғалімдері	Мектеп ынталы тобыбірлестік жетекшілері, коуч, тәлімгерлер	Өзгеріс енгізу қорытындысында мұғалімнің де, оқушының да табыстары артқандығын байқау.
Оқушыларға ерте кәсіптік бағдар беру шеңберінде	Кәсіптік бағдар беру	Тоқсанын а 1 рет	Пән мұғалімдері,	Айдарбек Д	Оқушыларға ерте бастан кәсіптік

мектеп жасындағы балаларға арналған Soft Skills және жалпы білім беретін мектептердің балаларына арналған Hard Skills дағдыларын үйрету			оқушылар		бағдар беріледі	
4. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту						
Білім беру процесінің ұжымдық формаларын енгізу (ойталқы)	Білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, әріптестерді оқыту мен дағдыларды үйретуді жеделдету.	Әр жылдың қазан айы	Пән мұғалімдері	Ембергенова Д	Білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, әріптестерді оқыту мен дағдыларды үйретуді жеделдетеді.	
Кәсіби қауымдастық жұмысы: «Заманауи менеджмент көшбасшысы	Мектеп басқару ісіне араласады	Тоқсанын а 1 рет	Пән мұғалімдері . мектеп директорының орынбасарлары	Алиаскарова Г	Білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, әріптестерді оқыту мен дағдыларды үйретуді жеделдетеді	
Желілік қоғамдастық жұмысы: серіктес мектептер арасында «Бірлескен оқу: мәселе, ізденіс, инновация»	№131, №135 мектептермен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру	Тоқсанын а 1 рет	Пән мұғалімдері . мектеп директорының орынбасарлары	Алиаскарова Г	Білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, әріптестерді оқыту мен дағдыларды үйретуді жеделдетеді	
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру						
Оқушыларды мектептің тәрбие үрдісін басқаруға тарту	Бірлесе жұмыс жасау арқылы оқу-тәрбие процесінің міндеттерін табысты шешуге ықпал ету.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Бірлесе жұмыс жасау арқылы оқу-тәрбие процесінің міндеттерін табысты шешуге ықпал етеді.	
Оқушылардың оқырмандық іс-әрекетін жетілдіру жолдары «Оқуға құштар мектеп» жобасы	Білім алушылардың кітап оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында өзара әрекеттесе жұмыс жасайтын табысты орта қалыптасады.	
«Адалдық және сенім» 1 – 11 сыныптар аралығында тәрбие сағаты	Оқушыларды бір-біріне достық, адалдық, сенім туралы пікір қалыптастыру	Әр жылдың қыркүйек айында	Сынып жетекшілер	Кенжебаева М	Бірлесе жұмыс жасау арқылы оқу-тәрбие процесінің міндеттерін табысты шешуге ықпал етеді.	

Оқу мақсатына жетудің тиімді жолдары (шебер сынып)	Сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақты тиімді жоспарлауға көмектесу.	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақты тиімді жоспарлауға көмектеседі.ы
Функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту негізінде құндылықтарды қалыптастыру (семинар-тренинг)	Мектептің мәдениетін қалыптастыру арқылы қолайлы білім ортасын құруға, білім беру жүйесінің сапасын жетілдіруге ықпал ету.	Қыркүйек	Пән мұғалімдері	Қоспанова Ж	Мектептің мәдениетін қалыптастыру арқылы қолайлы білім ортасын құрады, білім беру жүйесінің сапасын жетілдіруге ықпал етеді.
Кіріктірілген оқыту негізінде физика пәнін оқытуда оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру (дөңгелек үстел)	Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін түсіну және шешу арқылы оқуды алға жылжыту , жоғары мәдениетті оқу ортасын құру.	Қазан	Пән мұғалімдері	Наубетова А	Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін түсіну және шешу арқылы оқуды алға жылжытады , жоғары мәдениетті оқу ортасын құрады.
Білім алушылардың креативті ойлауын дамыту негізінде құндылық бағдарларын қалыптастыру (пікірталас)	Білім мазмұнында әр пән бағдарламасындағы құндылықтардың жүзеге асырылуына мән беру.	Қазан	Пән мұғалімдері	Ахметова Қ	Білім мазмұнында әр пән бағдарламасындағы құндылықтардың жүзеге асырылуына мән беріледі.
Функционалдық сауаттылықты қалай арттыруға болады Дөңгелек үстел	Оқушылардың оқу,математикалық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді	қазан	Пән мұғалімдері	Рысбекова И	Нәтижелі әрі тиімді оқытуды жүзеге асыру мақсатында әріптестерге қолдау көрсетіледі, ықпалдасу мүмкіндігіне ие болады.
ҰБТ-ға дайындау тәжірибемнен... (шебер сынып)	Табысты оқу ортасын құру арқылы өзара әрекеттесе жұмыс жасау.	Қараша	Пән мұғалімдері	Дауренбекова А	Табысты оқу ортасын құру арқылы өзара әрекеттесе жұмыс жасайды.
Оқу процесінде «белсенді оқу стратегияларын» қолданудың тиімділігі (дөңгелек үстел)	Тақырып бойынша ашық сұрақтар бере отырып оларды қызықтыратын ақпарат алуға жетелей білу арқылы нәтижеге жетуге ықпал жасау.	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Сланова Г	40 мұғалім, 5-7 сыныптарда сабақты жоспарлауда белсенді оқу стратегияларын қолданады.
Оқушылардың өздігінен реттелетін оқуын дамытуға ықпал ету жолдары (семинар)	Оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауына ықпал ету	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	Оқушылар өз кезегінде мектеп пен оқуға деген жағымды-қарысқатынасты қалыптастырады.
Оқытудағы уәждеу тәсілдері	Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуын бақылау	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мектеп тренерлері	Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

(ойталқы)					
Талантты және дарынды оқушылардың әлеуетін дамыту (коучинг)	Ерекше қабілетті оқушыларды анықтау мақсатында зияткерлік тапсырмалар беру	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Жылгелдиева А	Білім алушылар кеңейтілген тапсырмаларды орындау арқылы өздерінің білім деңгейін белгілі бір дәрежеде көтере алады.
Рефлексия – оқу үдерісін жетілдіру құралы (семинар-тренинг)	Іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау арқылы келесі қадамдарды жоспарлау тәсілдерін үйрету	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Оқыту мен оқудағы іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау арқылы өзіндік бақылау жасайды.
Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту жолдары («Қара жәшік» ішіндегі жұмыс)	Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы арқылы оқуды жақсартуға ықпал ету	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Мықтыбаев А	Табысты оқу ортасын құру арқылы бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.
Жаратылыстану пәндерін STEM технологиясы арқылы оқытудың ерекшелігі (шебер сынып)	Командамен жұмыс жасау арқылы күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге көмектесу.	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Төлеуова А	Оқушыларға алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.
CLIL технологиясы – ағылшын тілі сабақтарында (шебер сынып)	Шет тілін үйренуге оқушылардың уәжін арттыру арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Білім алушылар өз оқуын қалай жетілдіру керек екенін түсінеді.
«PISA халықаралық зерттеуі-білім беруді бағалаудағы шынайы кадам (коучинг)	Оқушыларға өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік беру	Ақпан	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Мұғалімдердің құзыретін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.
«Lesson study» әдісімен 3-сабақты өткізу	Зерттеу нәтижелері арқылы бақылаудағы оқушылардың білім сапасының жақсарғанын байқайды.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Ынталы топ мүшелері	Топпен жұмыста 9 оқушы өз тұжырымдарын дәлелдейтін үзінділерді оқиды.
Кіріктірілген сабақтарды жүргізу арқылы білім сапасын арттыру (Шеберліксынып)	Мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетін жүзеге асыру арқылы білім сапасының артуына ықпал жасау.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Жылгелдиева А	Мұғалімдердің бірлескен іс-әрекеті жүзеге асады, білім сапасының артуына ықпал жасайды
Электрондық порталдарда «Bilim –Land», «I-Test», «I-mekter» ресурстармен жұмыс жасау	Мұғалімдердің жеке педагогикалық қажеттіліктерін анықтау.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Мұғалімдердің жеке педагогикалық қажеттіліктерін анықтайды.

тиімділігі						
Сабақты бірлесіп жоспарлау арқылы оқыту мен оқу үдерісін жетілдіру	Оқушылардың даму басымдықтарын белгілеу; -әр білім алушының оқудағы қажеттіліктері ескеру; -оқушыларды оқу үдерісіне тарту;	Сәуір	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізіледі; -негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейі көтеріледі.	
Бастауыш сынып білім алушыларын диалог пен дәйектеуге тарту арқылы белсенді оқу ортасын құру	Ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылып, өздерінің оқуын реттеу.	Сәуір	Пән мұғалімдері	Жылгелдиева А	Ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылып, өздерінің оқуын реттей алады, метатанымдық түсінігі кеңейеді.	
Сыныпта оқытуды басқару жолдары (дөңгелек үстел)	Білім саласындағы заманауи жетістіктермен бөлісу.	Сәуір	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	мұғалімдердің оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіріп, жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне септігін тигізеді.	
Гуманитарлық пәндерді оқытудағы құндырлыққа бағдарланған білім беру	Командамен жұмыс жасау арқылы күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге көмектесу.	Сәуір	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Оқушыларға алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді.	
Оқу процесінде инклюзивтілік қағидаттарын жүзеге асыру	Өзара әрекеттесе жұмыс жасайтын табысты оқу ортасын құру	Сәуір	Пән мұғалімдері	Алсерикова Ж	Өзара әрекеттесе жұмыс жасайтын табысты оқу ортасын құрады.	
Мектептегі бақылау және оқу сапасын талдау (мониторинг)	Әдістемелік жұмыс жүйесінің сипаттамалық ерекшеліктерін жіктеу.	Мамыр	Пән мұғалімдері	Жылгелдиева А	Әдістемелік жұмыс жүйесінің сипаттамалық ерекшеліктерін жіктейді.	
Мұғалімдердің сабақ беретін сыныптарынан бақылау, байқау жұмыстарын алып, оқушылардың білім көрсеткішіне талдау, мониторинг жасау.	Мұғалімдердің стандартқа сәйкес білімді оқушыға игерту дәрежесін анықтау	Мамыр	Пән мұғалімдері	Мектеп тренерлері, бірлестік жетекшілері, коуч, тәлімгерлер	Оқу үдерісінің сапасын арттыруда тәлім алушының оқыту әдістемесіндегі өзгерістер бар. Оқу үдерісіндегі үлгерім динамикасын арттырады.	
7. Педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу						
Мектепте мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыру (дөңгелек	Мектепте білім берудің заманауи үрдістері мен табысты мектеп мәдениетін	2024	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Мектепте білім берудің заманауи үрдістері әзірленіп, табысты мектеп мәдениеті қалыптасады.	

үстел)	қалыптастыру.			Ж.Сәркеева	
Стивен Ковидің «Жоғары тиімді адамдардың 7 дағдысы туралы» еңбегін талқылау	Оқытушы және ұйымдастырушылық басқару, өзін-өзі реттеу, өмірді басқару мен жетекшілік ету дағдыларын қалыптастыру.	Қыркүйек 2024	Пән мұғалімдері	Дауренбекова А	Адамдарды және үдерістерді реттеу дағдысы қалыптасады
Цифрлық сауаттылық – бүгінгі заман талабы (Семинар-тренинг)	АКТ-ны білу арқылы қазіргі білім берудегі маңызды үрдістерді игеру	Қазан	Пән мұғалімдері	Сланова Г	АКТ-ны білу арқылы қазіргі білім берудегі маңызды үрдістерді игереді.
Мектепте жас мамандарды қолдауды ұйымдастыру (дөңгелек үстел)	Жаңашылдықты енгізуде кездесетін кедергілер және оны жою жолдарын анықтау	Қазан	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	Жаңашылдықты енгізуде кездесетін кедергілер және оны жою жолдарын анықтайды.
Авторлық бағдарлама жазудың талаптары мен әдістемесі (семинар-тренинг)	Зерттеуші-педагогтың шығармашылық әлеуетін анықтау және қолдау, практикада өзінің жеке әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік туғызу.	Қараша	Пән мұғалімдері	Дауренбекова А	Зерттеуші-педагог шығармашылық әлеуетін анықтап, және қолдау, практикада өзінің жеке әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік алады.
Іс-әрекетті зерттеу-тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы (коучинг)	Оқыту үдерісіндегі проблемаларды қарастырып, оқушының оқу тәжірибесін жақсартуға ықпал ету	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Сланова Г	Коучингке қатысқан 30 мұғалімнің 24-і жұмыстың жаңа бағыттарын анықтау мақсатында сыныпта зерттеуді жалғастыруды көздейді.
Мұғалімнің кәсіби дамуындағы «сыншы дос» әрекеті (семинар-тренинг)	Мұғалімнің кәсіби дамуындағы сыншы достың ынтымақтастық тәсіл ретіндегі қызметін зерделеу	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	24 мұғалім жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қолдана отырып сыни кері байланыс ұсына алады.
Ө.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы бойынша оқырмандар конференциясы (пікірталас)	Мектеп жұмысын өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім екенін шығарма кейіпкерлері арқылы дәлелдеу, ойдың жүйріктігін жетілдіретін де, ұтқырлығын оздыратын да, сөзгешешендігін шынықтыратын да – кітап екеніне көз жеткізу;	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	Оқырманның интеллектуалды әлеуеті артады.
Желілік қоғамдастық –	Оқу тәжірибесіне өзгеріс	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Мұғалім өзінің оқу және оқыту

мұғалімдердің кәсіби әлеуетін жетілдірудің бір жолы (тренинг)	ендіруде бірлескен жұмыстарға басымдық бере отырып, әрбір мұғалімнің кәсіби құзыретін арттыруға қолдау көрсету.	н		Дауренбекова А	үдерістерін әріптестерімен талқылауға мүмкіндік алады.
Кері дизайн әдісі – оқу бағдарламасын құрудың ең тиімді әдісі (семинар-тренинг)	Кері байланыс үдерісінде мұғалімдерге білім беруді жоспарлауға мүмкіндік беру.	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Сланова Г	Оқу нәтижелерін анықтау арқылы білім алушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлайды.
Тәлімгерлік арқылы әріптестердің тәжірибесін дамыту (дөңгелек үстел)	Жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету арқылы мәселені бірлесіп шешуге ықпал ету	Қаңтар	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	Оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру арқылы тәліп өзінің кәсіби дағдыларын дамытады.
Оқыту мен оқу үдерісінде бірлескен оқу арқылы білім алушылардың зияткерлік әлеуетін арттыру (коучинг)	Оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі оқу ортасын құру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; -оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға ықпал ету.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Дауренбекова А	Білім алушылар өзара әрекеттесе жұмыс жасау арқылы табысты оқу ортасын құрады; -әрбір оқушының мақсатқа жетуіне ықпал ету негізінде зияткерлік әлеуеті нығаяды.
Жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқуды жетілдіру үдерісін түрлендіру	Оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі оқу ортасын құру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; -оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға ықпал ету.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Сланова Г	Білім алушылар өзара әрекеттесе жұмыс жасау арқылы табысты оқу ортасын құрады; -әрбір оқушының мақсатқа жетуіне ықпал ету негізінде зияткерлік әлеуеті нығаяды.
Сабақты зерттеуді топпен бірлесе жоспарлау арқылы сыныптың тұтастай оқуына ықпал ету. (шебер сынып)	Оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізіледі; -негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейі көтеріледі;	Наурыз	Пән мұғалімдері	Қайыпбаева А	Оқушылардың даму басымдықтарын белгілеу; -әр білім алушының оқудағы қажеттіліктері ескеру; -оқушыларды оқу үдерісіне тарту;
«Мұғалімнің кәсіби дамуы -	Білім беру процесіне енген	Наурыз	Пән мұғалімдері		Мұғалімдердің 30% білім беру

білім беру жүйесін жаңартудың негізі» (дөңгелек үстел)	жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мектеп мұғалімдері өз білімдерін көтеріп, оң өзгерістер көрсетеді			Дауренбекова А	процесіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оң өзгерістер енгізеді.
Кәсіби қоғамдастықтың бірлескен жұмысын ұйымдастыру (семинар-тренинг)	Кәсіби проблемаларды шешуде басқа, мұғалімдерге көмек көрсетуге дайын болуын қамтамасыз етеді.	Наурыз	Пән мұғалімдері	Сланова Г	Өзара әрекеттестікте жұмыс жасау арқылы мұғалімдік қызметін үздіксіз жетілдіреді.
Рефлексия – нәтижелі білім алудың бастауы (коучинг)	Жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету арқылы мәселені бірлесіп шешуге ықпал ету	Сәуір	Пән мұғалімдері	Толегенова Г	Оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру арқылы жас мамандар өзінің кәсіби дағдыларын дамытады.
8 міндет. «Бір мектеп-бір жоба»					
«Жасыл мектеп» жобасы бойынша атқарылатын жұмыстарды нақтылау	Кері байланыс үдерісінде мұғалімдерге жоспарлауға мүмкіндік беру	Сәуір - мамыр	Дирекция, пән мұғалімдері	Ж.Тәжібаева	Әрбір бағыт бойынша жұмыстарға жауаптыларды белгілеу
Биология, физика, жаратылыс тану пәндері бойынша оқу бағдарламаларын дайындау	Оқушыларға пәндер бойынша терең білім беру	Сәуір - тамыз	Пән мұғалімдері	Құрманәлиева Э	Оқу бағдарламасын іске асыру
Оқушыларға экологиялық мәдениет қалыптастыру мақсатында «Бізді қоршаған ортаны қалай сақтаймыз» атты дебат өткізу	Экологиялық мәдениет қалыптастыру	қыркүйек	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері	Бисенов Ш	Оқушыларды қоршаған ортаны сақтауға үйрету
Су және электр энергиясын үнемдеу мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізу	Үнемдеу, қаржылық сауаттылық қалыптастыру	үнемі	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері	Дәуренбекова А	Оқушыларды үнемдеуге үйрету